

6-семинар

□Тақырыбы: Алтын Орда
мемлекетінің ыдырауы

□Наурызбек Қайрат

□Сағынбек Әділет

Жоспар:

- ▣ 1. Алтын Орда мемлекеті халықтарының әлеуметтік-экономикалық құрылымы және шаруашылығы.
- ▣ 2. Феодалдық қақтығыстар, орталық биліктің әлсіреуі және Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы.

Алтын Орда (моңғ. Алтан Ордын улс; тат. Altın Urda; орыс. Золотая Орда; түр. Altın Ordu) — басында моңғол — кейінірек түркіленген — 1240 жылдары Рус княздіктері жауланып алынғаннан кейін Моңғол империясының батыс бөлігінде орнаған хандық; ол қазіргі Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказдың жерінде орналасқан. Шарықтау дәуірінде Алтын Орда Шығыс Еуропаның Орал тауларынан Днепр өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі жерлерді алып, Сібірге терең бойлап еніп жатты. Оңтүстігінде Орданың жері Қара теңізбен, Кавказ тауларымен және моңғол Ильхандар династиясының қол астындағы Персиямен шектесіп жатты.

Моңғолия тарихы Алтын деген атау төрт шартараптың түсінен келген деген жорамал бар: солтүстіктің түсі — қара, шығыстың түсі — көк, оңтүстіктің түсі — қызыл, батыстың түсі — ақ, ал сары (немесе алтын) түс — орталықтың түсі.

Басқа бір болжам бойынша, Алтын Орда атауы орыс тіліндегі Золотая Орда, яғни Бату ханның Еділ өзенінің жағасында өзінің болашақ астанасының орнын белгілеу үшін алтын түсті үйлерден тіккізген салтанатты қаласының атынан шыққан, Моңғол тілінде «Алтын Орда» деген сөз тіркесі Алтын түсті орданы, немесе патша сарайын білдіреді. Моңғолдың билеуші руы да өздерін «алтын әулет» деп атаған, «Алтын Орда» атауы да осыдан келіп шыққан болуы мүмкін.

Бұл мемлекетті Алтын Орда деп атайтын бізге келіп жеткен ең алғашқы құжаттар XVII-ші ғасырға жатады (Алтын Орда күйрегеннен кейін). Одан ертерек құжаттарда ол мемлекет Жошы ұлысы деп аталады.

Алтын Орданың қоғамдық құрылысы. Алтын Орда мемлекетінің құрылысы толығымен Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталады. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Маңызды мемлекеттік істі шешу үшін билік басындағы әулет мүшелері бастаған ақсүйектер жиналысы — құрылтай шақырылды. Армияны және өзге мемлекеттермен дипломатиялықатынастарды бешербек басқарды. Қаржы, алым-салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін жүргізетін орталық атқарушы орган — диванның басында уәзір тұрды. Қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық., сыбаға жинау міндетін атқаратын даругтер, басқақтар тағайындалды. Хан отбасының мүшелері маңызды қызметтер атқарды. Ірі нояндар, бектер, әмірлер, баһадурлертүмендерді, мындық, жүздіктерді басқаратын әскербасылары болып сайланды.

Алтын Ордада жаулап алынған жер мен халықтарды басқару үшін ұлыс жүйесі енгізілді. Батый хан тұсында Жошы ұлысында екіге — оң және сол қанатқа, негізінен екі мемлекетке бөліну процесі жүргізілді. Оң қанат (ұлыстың) басында Батый ханның өзі мен ізбасарлары тұрды. Ал сол қанатты Жошының үлкен ұлы Орда Ежен биледі. Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанат құрамына кірді.

Ұлысты (үлесті жер) билеуге өкімет басындағы әулет мүшелерінің барлығы құқықты болды. Ал өзге монғол аксүйектеріне үлесті жер ханға еткен еңбегіне қарай бөлініп берілді. Біртіндеп аксүйектер құқығы арта түсіп, олар қарамағындағы жерді ұрпағына мұра етіп қалдыра алатын дәрежеге жетті. Екінші жағынан, Алтын Орда да көшпелілердің ру-тайпалық ұйымдары да сақталды.

Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда – Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар мен алан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түрік тілдес Қыпшақ, Қаңлы, Найман, Қоңырат, Керей, т.б тайпалар мекендеді. Олар жергілікті түркі тілдес тайпалармен сіңісіп кетті.

Егер Жошы мен Батый Моңғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін тәуелсізбіз деп есептеді. Ол Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттық жүргізді, әр түрлі кәсіпшілікпен айналысып, қолөнерді дамытты.

Алтын Орда хандығы берік мемлекеттік бірлестік болмады, оның әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әр түрлі, экономикалық негізі төмен болды. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі-сыртқы байланыстар шиеленісе түсті. 1342-1357 жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан өлгеннен кейін, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасындағы хан тағына таласқан феодалдық қырқыстар өріс алды. Бір кезде күшейіп дәуірленген Алтын Орда мемлекетін іштегі алауыздық жегідей жеді. Тек 1357 жыл мен 1380 жыл арасында Алтын Орда тағына ие болған 25 хан ауысты.

Жошы Ұлысының (Алтын Орданың) хандары

Жошы хан (ок. 1182— 1227), Шыңғыс ханның баласы, Жошы Ұлысының ханы (ок. 1224— 1227)

Бату хан (ок. 1208 — ок. 1255), Жошы ханның баласы, Жошы Ұлысының ханы (1227 — ок. 1255)

Сартақ, Батый ханның баласы, Жошы Ұлысының ханы (1255/1256)

Ұлағжы, Сартақның баласы, Жошы Ұлысының ханы (1256 — 1257)

Берке, Жошы ханның баласы, Жошы Ұлысының ханы (1257 — 1266)

Мөңгу-Темір, Тұғанның баласы, Жошы Ұлысының ханы (1266 — 1282)

Тұда Мөңгү-хан, Жошы Ұлысының ханы (1282—1287)

Тұла Бұға-хан, Жошы Ұлысының ханы (1287—1291)

Тоқта-хан, Жошы Ұлысының ханы (1291—1312)

Өзбек-хан, Жошы Ұлысының ханы (1312—1342)

Тыныбек-хан, Жошы Ұлысының ханы (1342)

Жанибек I, Жошы Ұлысының ханы (1342—1357)

Бердібек, Жошы Ұлысының ханы (1357—1359)

Кұлпа, Жошы Ұлысының ханы (1359—1360)

Наурызбек, Жошы Ұлысының ханы (1360—1361)

Хузра(Қыдыр)-хан, Жошы Ұлысының ханы (1361), (1360—1362)

Темір Қожа-хан, Жошы Ұлысының ханы (1361)

Орда-Мәлік, Жошы Ұлысының ханы (1361)
Келдібек хан, Жошы Ұлысының ханы (1361)
Базаршы хан, Жошы Ұлысының ханы (1361)
Мұрад хан, Жошы Ұлысының ханы (1363)
Қаир-Болат хан, Жошы Ұлысының ханы (1363)
Абдуллах-хан, Жошы Ұлысының ханы (1363—1364), (1367—1369)
Болат хан, Жошы Ұлысының ханы (1364—1365)
Әзіз шейх, Жошы Ұлысының ханы (1365—1367)
Жанибек II, Жошы Ұлысының ханы (1367)
Хасан хан, Жошы Ұлысының ханы (1369—1370)
Бұлақ хан, Жошы Ұлысының ханы (1370—1372)
Орыс хан, Жошы Ұлысының ханы (1372—1375)
Черкеш хан, Жошы Ұлысының ханы (1375)
Қағанбек хан, Жошы Ұлысының ханы (1375)
Тоқтамыш, Жошы Ұлысының ханы (1375—1377), (1379—1395)
Арабшах хан, Жошы Ұлысының ханы (1377—1379)
Темір Құтлық хан, Жошы Ұлысының ханы (1395—1399)
Шәдибек хан, Жошы Ұлысының ханы (1399—1407)
Болат хан, Жошы Ұлысының ханы (1409—1411)
Темір хан, Жошы Ұлысының ханы (1411—1412)
Жалал ад-Дин, Жошы Ұлысының ханы (1412—1413)
Керимберды хан, Жошы Ұлысының ханы (1413)

Керимберды хан, Жошы Ұлысының ханы (1413)

Кепек, Жошы Ұлысының ханы (1413)

Шокре, Жошы Ұлысының ханы (1413—1416)

Жапарберды, Жошы Ұлысының ханы (1416)

Дербес хан, Жошы Ұлысының ханы (1416—1419)

Кадырберды хан, Жошы Ұлысының ханы (1419)

Кажы-Мұхаммед, Жошы Ұлысының ханы (1419)

Ұлы Мұхаммед хан, Жошы Ұлысының ханы (1419—1421), (1424—1428),
(1428—1432) ..

Дәулатберді хан, Жошы Ұлысының ханы (1421—1422)

Құдайдат хан, Жошы Ұлысының ханы (1422), (1423—1424)

Барақ-хан, Жошы Ұлысының ханы (1422—1423)

Кіші Мұхаммед хан, Жошы Ұлысының ханы (1428), (1432—1459)

Махмұд хан, Жошы Ұлысының ханы (1459—1465)

Ахмат хан, Жошы Ұлысының ханы (1465—1481)

Алтын Орданың тарихы ішкі қайшылықтарына косо, орыс князьдіктерімен, Ирандағы Күлағу ханның әулетімен, Ақ Орданын және Хорезмнің билеушілерімен үздіксіз соғыстарға толы болды. Алтын Орданың XIV ғ. алғашқы жартысында, әсіресе Өзбекхан (1312 — 1342 жж.) мен одан кейінгі Жәнібек ханнын (1342 — 1357 жж.) тұсында күдіреттілігі арта түсті. Ханның дара үстемдігі орнап, құрылтай шақыру аяқсыз қалды, билік бір адамның қолына жинақталды.

XIV ғ. екінші жартысында Алтын Орда алауыздықтан әлсірей бастады. 1357 жылдан 1380 жылға дейін таққа 20-дан астам хандар отырып, бірін-бірі елтіріп, орнын тартып алып жатты. 1380 ж. Алтын Орданың билеушісі, түменбасы Мамай Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен Куликово даласында тас-талқын боп жеңілді. Жошы ұрпағы Токтамыс хан осы жағдайды пайдаланып, Алтын Орданың билігін тартып алды. Өз билігін соғыс жеңістерімен бекіте түспек болған ол 1382 ж. Мәскеуді ертеп жіберді, Мәуереннахр мен Закавказьеге бірнеше рет жорық жасады. Токтамыстың соңына түскен Әмір Темір Алтын Ордаға қайта-қайта шабуыл жасап, халқын қырып, байлығын тонап, енді қайта көтеріле алмастай етіп тұралатты.

Шаруашылығы: Түркі тілдес тайпалар және моңғол тайпасы көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Олар көбіне жылқы малы мен қойды өсірді. Өзен-көл алқаптарында отырықшылық мал шаруашылығы мен егіншілікпен, қолөнермен айналысты. Егіншілікпен шұғылданған тайпалар көбінесе ірі қараны өсірді.